

егемен

ҚАЗАҚСТАН

## Әлихан Бөкейхан: «Тізе қосып отырған 5 миллион қазақ»

20.04.2016



Алаш – этноним ғана емес, ұлттық саяси-рухани серпілу атауы. Оның қалыптасуы мен дамуында, Ә.Бөкейхан қадірлеген Нарманбет ақын айтқандай, «елдің миы мен жүрегі» бар. 1907-1917 жылдар аралығында патшалық Ресей қазақ жерін отарлау саясатын одан әрі жүргізді. Халықтың жанайқайы, Қарқаралыдан, Лепсіден, тағы басқа алаш жерінен патшаға 1905 жылы жіберілген петициялар шаң қауып жатты. Петербор газет-журналдарында 1906-1910 жылдары жарияланған Әлихан Бөкейхан, Мұхаметжан Тынышбайұлы мақалалары, қырым татарларының «Тәржіман», татардың «Дін уа мағишат», «Ихтисад», «Шора», «Уақыт», «Жұлдыз», т.б. басылымдарындағы материалдар әділетсіздікті әшкерелегенімен, басқару аппараты оларды қаперіне де алмады. Орынборда шығатын «Уақыт» газеті «Біздің 8-12 жасар балаларымызды орыс

школдарына апаруды міндеттесе, мектебіміз өзінен-өзі құрдымға кетеді. ... Біз өз мүддемізді қорғауымыз қажет, әйтпесе келешегіміз аянышты болмақ. Бізге ана тілі, төл мектеп, өз дініміз керек. Ұлтымыз осылай деп жар салуы қажет», – деп жазды. Енді бірде осы басылым тікелей қазақ тағдырына қатысты «Мұсылман қазақтардың халі тым ауыр. Асыра айтқандық емес, қазір саны 7 миллион осы милләт өмір, не өлім деп күресуде. Жыл сайын переселендік саясат олардың 1.000.000 десятина жерін тартып алып, өздерін таулы-тасты, құнарсыз жерге қуып жатыр. Рас, патша жарлығымен қазақтарды жермен қамтамасыз ету қаралған-ды. Бірақ берілмек болып отырған 15 десятина жер қазаққа өте аздық етеді. Сондықтан олар бұдан бас тартты», – дегенді хабарлап қазақтардың отырықшы болуына тілектестігін білдіреді. «Отырықшылық – мәдениет пен ынтымақтың негізі» дейді «Уақыт». Қазаққа қатысуға хұқық берілмеген 1906 жылдан кейін шақырылған Мемлекеттік Думаларда мұсылман депутаттар (мысалы, 15.11.1912 жылы шақырылған IV Думада 6-ақ мұсылман болды) қал-қадерінше алаш жұртының проблемаларын көтерді. Мысалы, III Думада Мұсылман фракциясы переселен саясаты мен жалпы білім туралы заңды талқылауды күн тәртібіне қойып, халық үнін үкіметке және әлемге (бұл туралы С.Максудовтың Лондон сапарына қатысты айтамыз) жеткізді. Қапқаздан келген өкіл Халилбек Хасмамедов патша өкіметінің Қапқаз, Түркістан, Қазақ елі бағытындағы отаршыл саясатын, переселен мекемелеріндегі содырлықты аяусыз сынады. «Үкімет жасанды түрде ұлтаралық қырғи-қабақ жағдайды тудырып, шет аймақтарда жергілікті халықтың ұлт-азаттық тенденциясына қарсы күресте арқа сүйейтін күш жасақтады», – дейді ол. III Дума депутаты С.Максудов мектепте ана тілінде сабақ жүргізу мәселесін көтерді. Сонымен қабат осы қайраткер Ресейдегі мұсылмандардың

рухани істерін олардың Діни басқармасымен келісіп атқару керектігін ұсынды. Ресей үшін аса күрделі шақта жұмыс жасаған IV Думаның мұсылман фракциясы жанындағы бюроға (яғни депутаттарға көмекші ынталы топ) әр кездері Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай жәрдемдескені мәлім. Әлихан Бөкейханның Петерборға баруын қазақ байлары сұраған, сөйтіп онда тұруы үшін орталарынан қаражат жинап берген. Әлиханның ділгір мәселелерге арналған мақалаларының бір бөлігі осы Петербор сапарында хатқа түскен. Қайраткер-қаламгер аталған уақытта империя астанасына бөкейліктердің атынан «белгілі қазақ ақыны Ғұмар Қарашұлының» аманат арқалап барып, «бас министрге қағаз бергенін» жазады. Мемлекеттік III және IV Думаларда қазақ жағдайын тек мұсылман депутаттары ғана айтқан жоқ. Басқа тілеуқор азаматтар болды. Ә.Бөкейхан жазбаларынан Алаш жұртына тілектес Дзюбинский, Волков, Виноградов, Скалозубов, Шишкин сынды депутаттардың болғанын оқимыз (Отандық тарихшыларымыз бұлар туралы зерттеу жүргізсе артықтық етпес еді). Әрине, осы және басқа да империя орталығындағы жаңалықтар «Айқап», «Қазақ» арқылы көзі ашық жандарға жетіп жатты. Алаш жұртының, өзге де мұсылман халықтарының қиын ахуалынан шетел де хабардар болып отырды. Айталық, 1909 жылы Мемлекеттік Думаның бір топ депутаты Ұлыбританияға барады. Бұлардың арасында кадет серкесі П.Н.Милюков пен татар қайраткері Садретдин Максуди болады. Елге келген соң, С.Максуди 1914 жылы «Англиеге саяхат» (Қазан, «Үміт» электро-типографиясы) кітап жариялайды. Осы еңбегінде ол өзінің ағылшын королі VII Эдуардтың қабылдауында болғанын, ағылшын ақсүйектерімен ұшырасқанын, басқа да әртүрлі жайды сипаттап жазады. С.Максудиге екеуара әңгімедегі лорд Крумердің: «Мұсылмандар батыс мәдениетін кешіктірмей қабылдауы керек. Сіздердің діндеріңіз бен бұл мәдениет қабыспайды деген түсінік мүлде қате. ... Жоғалып кетпейміз десеңіздер, ағарту мен мәдениетке мойын бұрыңыздар», – деген сөзі және ақсүйектер қонақасы бергенде бір кінәздің: «Сіз С.Максуди емессіз бе? Біздің Лондон халқы Ресей Думасы депутаттарының көрнектілерін сырттай жақсы таниды», – деуі ерекше әсер етеді. Бұл жай сыпайылық үшін айта салған сөз емес екенін татар зиялысы аңғарған секілді. М.Шоқай «мұсылман депутаттарының ең таңдаулысы» деп бағалаған осы С.Максуди – Дума мінберінде қазақ секілді ұлттардың қамын жеп сөйлеген қайраткердің бірі. Ресей мұсылмандарының (оның ішінде қазақтың бары сөзсіз) ахуалы туралы ақпардың шетелге жетуін айғақтайтын бұл бір ғана дерек. Басқа дәлелдер де жоқ емес. Мысалы, 1915 жылы 14 желтоқсанда француздың «Le Temps» мынандай мазмұнда хабарлама басады: «Моңғолдар арасында Цюрих, 13 желтоқсан. Будапештен жеткен жеделхат Ресейді мекендеген 20 миллион түрік-татар мұсылмандарының - оның ішінде 7 миллион түрік және 6 миллион қазақ бар - өкілі Венгрияға келгенін хабарлайды. Делегация граф Тиссаға Еділ мен Каспий теңізі аралығында бейтарап Қазан хандығын қалпына келтіріп, түрік халқының өркениетін қорғау қажеттігі туралы меморандум тапсырды. Делегация бұдан соң Берлинге аттанады». Осы мазмұндас хабар Петроград телеграф агенттігіне Копенгагеннен 1915 жылы 8 желтоқсанда жолданыпты. Онда: «Делегация Венада аялдап, министр-президент Штюркк пен сыртқы істер министрінің орынбасары граф Форгачтың қабылдауында болған. Олар мынандай талап хатын тапсырған: Бұхара мен Хиуаны орыс бодандығынан құтқару, оларға Түркістанды қосу; Қазаққа саяси-әкімшілік тәуелсіздік әперу; Қазан хандығы мен Қырым хандығын қалпына келтіру. Соңғысын түрік сұлтанының қамқорлығына беру; Еділ өзені мен Каспий теңізін бейтарап деп тану». Бұл ақпарат көзі делегация құрамында түріктің «Тюрк-Юрду» газетінің редакторы Жүсіп Ақшора, «Фюза» газетінің редакторы, профессор Әли Гусейн-заде, дінтанушы-профессор

Мұхаммед Әссад Әселиб-заде, Мұқым ад-дин Бейтшаю сынды қайраткерлердің болғанын жазыпты. Жоғарыда келтірілген деректер – патша өкіметінің арнайы орындары хаттап алған (қолға түсірген) дәйектердің бір бөлігі ғана. Алайда, ол аз болса да, айрықша байланыстардың қалыптасқанын меңзейді. Біз үшін маңыздысы – Будапешт пен Венадағы құжаттарда қазақ ұлты жайының сөз болуы. Тіпті, бұл деректерден Ә.Бөкейхан кеңесімен Түркияға жасаған Ш.Қосшығұлұлы сапарының сілемі мен жаңғырығын шырамытқандаймыз. ХХ ғасырдың 10-жылдарындағы Ресей мұсылмандарының мәдени-рухани өміріне әсер берген оқиға 1914 жылы желтоқсанда өткен мұсылман съезі дер едік. Осы съезден соң қазақ жәдитшілдігі алаштық қозғалысқа бет түзеді деуге негіз бар. Бұл жиынның ресми бағыты – майданға шыққан (I дүниежүзілік соғыс) әскери әлеуетті қолдау болғанымен, мазмұны мұсылман бірлігін одан әрі арттырып, халықты жаңа жағдайға байланысты іс-әрекетке жұмылдыру еді. Әсіресе, осы жолы түрік мұсылмандарының бір тілге көшуі нақтылай айтылды. Бұл мәртебеге үміткер ретінде көпшілік дауыспен татар-түрік тілі ұсынылды. Съезд алдындағы бір мақаласында А.Байтұрсынұлы: «Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да қазақша хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары», – деп жазып, мұсылман оқуының жаңғыруына үміт артып еді. Енді татар зиялыларының амалсыздықтан ұстанған позициясы қазақ оқығандарының басым бөлігін тіксіндірді. Бұл И.Гаспринскийдің «тілде бірлік» концепциясын жалаң түсіну секілді болып көрінді. Сондықтан Ә.Бөкейхан: «Түрік затты халықта біздің қазақтай бір жерде тізе қосып қалың отырған іргелі ел жоқ. Біздің тілді біздің қазақ жерін араламаған мұсылман бауырларымыз қайдан білсін... Анық түрік затты халық тілі біздің қазақта. ...Абай, Шәкәрім, Міржақып, Мағжандай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады? ...Біздің қазақ осы тілін тастап, татарға мінгескені адасқандық болар, біз қазақ татар тіліне шорқақпыз, татар тілі деген тағы біреу емес», – деп жазды бұл съезден соң (Ғалихан. Мұсылман сиезі//Қазақ, 1914, 30 ноябрь). Съезге делегат ретінде барған Ә.Бөкейхан осы үлкен жиыннан кейін жалпы саны он «Мұсылман сиезі» атты мақалалар сериясын жариялайды. Осы еңбегінің әр жерінде «сиез жабық, ұрланған себепті газета жүзіне басуға қалам мүжіліп тұр», «закон жобасын мұнда жазуға уақытша қалам мүжіліп тұр» деп жазуына қарағанда (бұл «цензор бар» деген сөз ғой), аталған мұсылман съезі көкейкесті көп мәселені қараған болуы керек. Бұл жиында талқыланған тіл мәселесінде Ә.Бөкейхан мен Ж.Сейдалиев пікірі бір жерден шықса, Б.Қаратаев, Әлиханнның жазуынша, «қазақта тіл жоқ» дегенді айтқанға ұқсайды. Алайда, «Айқап» журналы жариялаған Б.Қаратаевтың баяндамасынан (Кенес жиылысында Қаратаевтың сөйлеген доклады// Айқап, 1914, N13.- Б. 211-214) қайраткердің тіл туралы ойын ұшырастыра алмадық (қысқартылып басылуы мүмкін). Мұның есесіне Бақытжан Ресейде мұсылманға қойылып отырған хұқық шектеушілікке ашық қарсылығын былайша жеткізеді: «Татарлар да қазақ ішіне бұрыннан да көбірек кірді, тіпті алыс кететіндері де бар. Өз жерлерінде дін ғылымын оқуға болмайтын болған соң, қазақ жігіттері қазірде Бұқара, Хиуа, Орынбор, Бейрут, Мәдине, Ыстанбұл, Қазан, Мысыр сықылды зор шәһәрлерге таралып кетіп оқи бастады. Оқып, оқу бітіріп қайтқан соң, жасырын мектеп-медресесінің санын көбейте бастады. ...Мен қазір елу екі жасқа келдім, сол ғұмырымның ішінде Русияның жиырма миллион мұсылманға сезіктену басталды. Қазірде мұндай хәлден құтылу керек». 1914 жылғы мұсылман съезінде С.Максуди әзірлеп әкелген ұсыныстың көбі жиын қарарына кіреді. Мұнда оқу-білім, іс-қағаздарының мұсылманша жүргізілуі қажеттігі, ресейлік мұсылман рухани істері басшысы министрлер кеңесіне кіру керектігі, т.б. маңызды мәселелер айтылған. Бұл

съезден кейін қазақ жәдитшілдерінің Алаш идеясын негіздеп, жүйелей бастауына, біздіңше, Әлихан Бөкейхан бастаған зиялылардың өз концепциясын дәлелдеуге ұмтылуы себеп болды. Олар тең хұқықты, құрдастықты бірінші кезекке қойды. Сөйтіп ақылға сай бірлесу, дін жолын ұстау, оқу-ағарту саласын жүйелеу жағында болды. Съезд жұмысына талдау жасаған Әлихан мақалаларындағы мына ойларға назар аударалық: 1. «Бізге хұкімет қырын қараса, бұған жаланы аударғаннан қазаққа не пайда. Жылап кісі сүйкімді болмақ емес» (Қазақ, 9.VII. 1914); 2. «Қазақты ақ жолға саламын десек, істің астарын қарастыр, істің сырты жауға бел көрсеткен» (Қазақ, 16. VII. 1914); 3. «Ат сыры иесіне белгілі» (Қазақ, 8. XI. 1914); 4. «Біздің қазақ бұл шарифат қамытына жүрмес, шарифат жолы орыс закұнының аяғын құшып бос қалар, қазақ өз ресімімен ғұмыр айдаған жолмен кетер» (Қазақ, 10. XII. 1914); 5. «Мына мұсылман сиезі мұсылман атынан істейміз деп байлау қылған іске қазақ болып бірігу керек» (Қазақ, 31. XII. 1914). Мұнда Ә.Бөкейхан мұсылман бірлігін отаршылдықпен күрес тактикасы ретінде және Ресей шындығындағы әлеуетті күш ретінде қолдайды, алайда ояну қозғалысы кезінде әр ұлт өз мүмкіндігін, ерекшелігін, жағдайын ескеруі қажеттігін баса айтады (Әлихан, Ахметтердің тіл, отырықшылық, т.б. мәселелердегі позициясы осыдан туындады). Алаш зиялыларының осы жиындағы негізгі ұстанымын татардың «Уақыт» газеті Ә.Бөкейхан мен Б.Қаратаев сөзі арқылы көрсеткен екен (мұны «Айқап» көшіріп басқан). Мұнда Әлихан: «Енді ... (қазақ халы) онан да нашарланды, бір жағынан оларға мектептерінде ғылым-білім, өнер алуларына жол ашық емес. Мұндай жағдай қазақтардың орыстардан алыстауларына, Русияға деген наразылықтың өсуіне ғана себепкер болады ғой», – деп алаш жұртының заңды ашу-ызасын түсіндірсе, Бақытжан: «Хүкімет қырғыз-қазақ балаларын мұсылмандықтан айыруға, алыстатуға амал-айла жасап жүргендігі үшін олар зорланады», – деп Ә.Бөкейхан пікірін толықтыра түседі (Кеңес жиылысы// Айқап, 1914, N12. - Б. 204). Осы «Уақыт» басылымы хабарынан біз мұсылман жұмысына ішкі істер министрі бұқаралық ақпарат құралдарын қатыстырмауға бұйрық жариялағанын оқимыз. Бұл ресми өкіметтің аталған оқиғаға қандай мән бергенін көрсетеді. Әрине, татар зиялылары мен мерзімді басылымдары түрік халықтарының ресми бір тілге көшуін мәселе етіп күн тәртібіне бұл съезден әлдеқайда бұрын қойған-ды. Олардың осы талабын «гегемондыққа тырмысу» дегеннен гөрі ізденіс деу ақылға сыйымды. Кезеңдік өлшеммен қарағанда әжептәуір мәдени (типография, газет-журнал, т.б.) игіліктерге қол жеткізген татар ақсүйектері табиғи түрде өздерін ресейлік түрік мұсылмандарының тағдырына жауапкерміз деп есептеді. Бұл ретте олар үшін алты миллионға жеткен қазақ ұлты қатепті қара нар іспетті әлеует еді. Адамзат тарихын бажайлай отырып, көшпеліліктің құрдымға кеткенін, отырықшылықтың алға шыққанын бағамдаған бұлар алаш жұртына сауап іс жасағысы келді. Бірақ бұл кездегі қазақ көшпелілігі – ұлт пен жерді (жер аз емес еді) қорғайтын, яки сақтауға қауқарлы өмір сүру формасына айналғанын татар зиялылары түсіне алмады. Сондай түсінбестіктен олар қазақ тілінің жағдайына механикалық түрде қарады (Бұл орайда тіл мен экономикалық, руханият пен қоғамдық-саяси оянулардың арақатынасын салмақтаған бұлардың ойынан XIX ғасырда Ресейде жетекші күшке айналған марксизм тұжырымымен жақындық аңғарылады). «Шора» журналының бетінде жарияланған осындай мақалаларға қарсы сол татар басылымының бетінде «Қазақ» газетасының бас мухаррары» А.Байтұрсынұлы: «Біздің қазақтың ісі жаңа басталып келеді. Не болары белгісіз. Қазақ я құрып жоқ болар, я өз тілімен де өзгелердей тіршілік етер. 20-ыншы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», –

деп айтты (Байтұрсынов А. Қазақша сөз жазушыларға//Шора, 1913, N4. - Б. 110-113). Ахметтің қазақ тілі мен қоғам өмірі арақатынасын және тіл иммунитетін саралаған пікір де айрықша. Ол «Шорада» басылған мақаласында былай деп жазады: «Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, жазу шалығы тимесе, кәсібі, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тіл өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ. Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ертіске шейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір. Қойшы, түйеші, биеші емлесі деген қазақта жоқ нәрсе. Тоқсандағы шалының, тоғыздағы баласының – бәрінің емлесі біреу-ақ». Ұлт тағдыры, мұсылманшылық, тіл, жер, саяси бағдар мәселесі бойынша қазақтың өз ішінде және түрік халықтары арасында пікірталас пен айтыстардың жүруін дұрыс деп есептеген Ә.Бөкейхан 1913 жылы жазған бір мақаласында: «Талас – дүние, ғұмыр сипаты. Талас-тартыс жоқ болса, ғұмыр айып», – деген болатын (Қыр баласы. Жауап хат//Қазақ, 1913, 1-7 сентябрь). Мұндай пайымды, әлбетте, әлем тарихымен, философиясымен таныс, гуманист азамат қана айта алса керек. Ал енді осы еңбегінде Әлихан қазақ тілі заманға ілесе ала ма, жоқ па деген сұраққа былайша жауап қайтарады: «Міне, Қазан татары, Уфа һәм Орынбор башқұрты отырықшы, бұлардың қазақтан несі артық тарқы (прогресс – Д.Қ.) жолында. Арабстанда көшпелі араб тілі неше жұртқа өнеге». Мәселеге бұлайша қарау Ә.Бөкейхандардың «кез келген жолмен дәлелдеу» жағында емес, ақылмен түсіндіру бағытында болғандығын айғақтайды. Алаш зиялыларының тұжырымдамасы мен жалпы түрік қайраткерлерінің көзқарасынан хабардар башқұрт азаматы Зәки Уәлиди Тоған осы «ортақ тіл» проблемасы жөнінде естелігінде мынандай пікір айтады: «Біздің түсінігіміздегі имандылық пен өнерге сәйкес келетін ата-бабамыздан мұра болып қалған өлең-жырларды қазір таза түрік тіліне түсіруіміз қажет. Болашағы бар түрік тілі – қазақ тілі. Араб-парсы сөздері мен сөз тіркестерін бауырына жинаған шағатай тілі енді осман әдебиетінің «диван» кезеңінің тілі ретінде тарих қойнауына кетеді» (Борьба мусульман Туркестан и других Восточных тюрок за национальное существование и культуру. – Москва: типография N12, 1997.- 334-б). Бұл, әрине, жеке қайраткердің пайымы. Зәки Уәлидиге Алаш зиялылары «сен осылай айт» деген жоқ. Сондықтан мұны бейтарап (нейтралды) пікір дей аламыз. Солай болғанның өзінде бұл қазақтан өзге түрік ұлты өкілінің «ортақ тіл» ретінде татар тілін қабылдамағанын көрсетеді. Осыдан түрік бірлігіне сына қағылады деп ойлау қисынсыз еді. Өйткені, түрік бірлігі, әзербайжанның ұлтшыл қайраткері Мехмет Эмин Расул-заде айтқандай, «саяси қозғалыс емес, ғылыми-философиялық, этикалық мектеп, яки мәдени бірлік жолындағы күрес амалы» еді (Расул-Заде М-Э. О пантуранизме//Тюрский мир, 1991. – 15-б.). 1915 жылы «Қазақ» газеті жоғарыда аты аталған М.Э.Расул-заденің наурыз мейрамы орайында жазған түрік халықтарының жағдайы туралы мақаласын қазақ тілінде аударып басқан екен. Патша цензурасы тұсында жазылған осы еңбекте біраз ой астарлап айтылады. Әзербайжан қайраткері түрік халықтары өмірінің жаңаруын, сапалық өзгеріске аяқ басуын армандайды. Автор: «Наурыз. Атынан да белгілі жаңа күн. Бірақ бұл марттың тоғызы (ескіше күнтізбе бойынша. – Д.Қ.) біз үшін шынымен жаңа күн болып жете ме екен? ...Мейрам – ұлттың жеке-жеке болған мүшелерін біріктіріп бір денедей қылып қосатын бір дәнекер. Мейрам болған соң тірі бір ұлт бір адам секілді дайын бір сезімге ие болу керек», – деп жазады (Расул Заде М.Э. Наурыз мейрамының жуықтауы тақырыпта. Тәржімелеген: Ж.Жәнібеков// Қазақ, 1915, 9 март). Бұл бір ұлт, бір адам, бір сезім – түрікшілдік еді. Алайда, осы ойда көп болып бірігу мәселесі айтылса да, негізді, ақылды

қаперге алмай көзсіз бірігу меңзеліп тұрған жоқ. Сондай-ақ, аталған мақаласында Разулзаде: «Бір ақын талған бір жүректі тірілтуді мың қажеттен артық көрген екен», – дейді. Бұл талған жүрек – эзербайжан, қазақ, башқұрт, татар, т.б. ұлт жүрегі болуы мүмкін ғой. Ал ақын – сол ұлттың ақыны, бәлкім қайраткері. Олай болса, алғаш өз ұлтының, мұнан кейін түбі бір туысқан ұлттардың, сонан соң көрші ұлт пен әлем ұлттарының жағдайымен санасу, соған қарап іс-әрекет жасау – өшудің емес, өсудің алғышарты. XX ғасырдың 10-жылдарында қазақ пен татар арасындағы бірлі-жарым келіспеушілік насырға шаппасын деп ақын Ғұмар Қараш «Екі бауырға» атты өлең жазды. Мұнда Ғұмар Қараш татарды – қала, қазақты – дала бейнесінде сипаттайды (Қараш Ғ. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994, 145-б.). Сөз жоқ, осындай пайымның бәрі қиын кезеңде ағайын арасында текетірес емес, пікірталас болғанын дәлелдейді. Онсыз шындық тумас еді. Алаш ағартушылығы өкілдерінің, Ғ.Қараш көрсеткендей, «түндікті батыстан ашуының « себебі бар болатын. Мұны «Қазақ» газеті «Орда гербі (таңбасы)» атты редакциялық мақаласында былай түсіндіреді: «Қазақ» газетінің басына үй суретін орнатуға мынандай мағыналар бар еді: Киіз үй – киіз туырлықты халық. Үйдің түндігі ашық, есігі жабық болуындағы мағына: түндік – жарық беретін жол, есік – түрлі заттар кіретін жол дегендік. Жарық жолы ашық, еркін болсын, түрлі заттар кіретін жол есігі еркін болмасын делінген еді. Түндіктен түсетін жарыққа өнер-ғылым енгізілген еді. Түндік күнбатыс жағынан ашылуы өнер-ғылым Ауропа жағынан күшті болған себепті қазақ ішіне Ауропа ғылым өнері таралсын деген мағына еді. Үйдің есігі қазақ деген сөзден жасалған. Ондағы мағына «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі болсын, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын делінген еді» (Орда гербі /таңбасы/ // Қазақ, 1918, 15 январь). Осы тұжырымдамалық материалдан да Әлихан Бөкейхан бастаған қайраткерлердің Алаш мұраты анық көрінеді. Біріншіден, жол айқындалды: ол – ұлтты жаңғырту мен жаңаша серпілту. Екіншіден, тетік те байыпталды: ол – білім мен технология және Еуропаның батыл тәжірибесі. Үшіншіден, жауапкершілік те нақтыланды: ол – қайраткерлер мен оқығандардың қоғам алдындағы миссиясы мен парызы. Ендігі жерде Алаш қозғалысының болашағы ақылға, білімге, батылдыққа, жауапкершілікке байланысты еді. Біз бүгін осы қозғалыстың тарихи және рухани тағылымын байыптай отырып, мемлекетшілдік үшін күрестің елеулі нәтиже бергенін мақтанышпен айтамыз.

**Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі АСТАНА**